

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ



БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ



№6(48)2009

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Б.Ж. НҮРБЕКОВ, С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің
қашықтықтан оқыту факультетінің деканы, п.ғ.к.

Қашықтықтан оқыту педагогиканың негізгі заңдарына бағынады, алайда кейбір кезде оларды оқытудың жаңа жағдайларына сай өзгереді және білім беру сатысының деңгейінде оларды қайта ұғынуды қажет етеді. Енгізілетін жаңа ақпараттық технологиялар дәстүрлі білім беру жүйесімен табиғи түрде бірігіп үйлесетін болғанда ғана қашықтықтан оқыту жүйесі қажетті элеуметтік және экономикалық тиімділікті береді.

Жоғары мектепте оқытудың дидактикалық принциптері деп жоғары оқу орнында оқыту практикасын ұйымдастыру заңдылықтары мен жоғары білімді мамандарды дайындау мақсаттары арасындағы байланысты білдіретін ережелерді атау қабылданған. Оқытудың негізгі принциптерін қашықтықтан оқыту жүйесіне қатысты қарастырайық.

Оқыту үрдісін ұйымдастырудың негізгісі көрнекілік принципі болып табылады. Педагогиканың бір бөлігі болып табылатын, білім беру мен оқытудың теориялық мәселелерін зерттейтін дидактиканың дамуын қарастырған Ян Амос Коменский көрнекілік принципі дидактиканың «алтын ережесі» деп атап, «егер біз оқушыларға нақты шынайы білім беруге ниеттенсек, онда біз барлығын жеке бақылауымыз бен сезім көрнекілігі арқылы оқытуға ұмтылуымыз керек» деген [1].

Көрнекіліктің жалпы түрлеріне дидактикада шынайы, табиғи көрнекілік, бейнелеу көрнекілігі, сөздік-бейнелік көрнекілік, практикалық көрсету, ішкі көрнекіліктері жатады. Саналылық және белсенділік принципі студенттердің оқу барысындағы саналылығы мен оқытушының студенттердің ынтасын әрдайым қадағалап, оның ынтасын арттыруға ықпал ететін жағдайларды ұйымдастыруды көздейді. Саналылық және белсенділік принциптері оқылатын материалдың мазмұнына ғана емес, сонымен қатар, оқыту үрдісінің өзіне де қызығушылықты қалыптастыруды талап етеді. Мүмкіндік принципі студенттердің қабылдау мүмкіндігінің әртүрлі деңгейде болатынын ескереді. Ғылымилық принципі білім беру мазмұнымен тікелей байланыста болып, күрделі ғылыми жағдайларды дұрыс, мұқият беріп, қазіргі ғылымның жетістіктерін ескеруді талап етеді. Теория мен практиканың байланысы принципін оқыту үрдісінің негізгі ұстанымы ретінде қабылдауға болады. Дамыта оқыту идеясының студенттің іс-әрекетіне бағытталуы, теория мен практиканың байланысын әр түрлі зертханалық және практикалық жұмыстар, объектілермен құбылыстарды бақылауды

ұйымдастыруын қарастырады. Білім, біліктілік және дағдыны меңгерудегі беріктік принципі студенттердің іс-әрекетіне басшылық бола алатын берік білімге жетуді талап етеді. Білім мен біліктілік және дағдыны берік игеруі оқытушының студенттерде таным-білім әрекетіне деген ынтасын, белсенділігін туғыза алуына байланысты болып табылады.

Студенттің бүкіл ақпаратты еске сақтауы мүмкін болмауы себепті, оқытушы студентке қандай материалмен тек танысу керек, ал қандай материалды есіне сақтау қажет екендігін ескерту керек. Білімді меңгеруде, ақпаратты иеленудегі беріктігіне көбінесе студенттердің өз бетінше жұмыстарының әр түрлі формалары жағдай жасайды.

Жоғарыда қарастырылған оқытудың дәстүрлі дидактикалық принциптері қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру заңдылықтарының негізі болып табылады. Сонымен қатар, оқытудың дәстүрлі дидактикалық принциптері жаңа оқу ортасы үшін өзгертілуі, толықтырылуы және бейімделуі тиіс.

Отандық және шетелдің қашықтықтан білім беру тәжірибесі мен қашықтықтан оқытудың құрылымын және оқыту мазмұнын оқып зерттеу қашықтықтан оқытудың педагогикалық жүйесіне тән арнайы принциптерді тұжырымдауға мүмкіндік береді. Олар қашықтықтан білім берудің түпкі негізін құрайды. Қашықтықтан білім беру жүйесін құрастырушы келесі негізгі принциптерді бөліп көрсетуге болады.

Қашықтықтан оқыту жүйесін педагогикалық жобалаудың басымдылық принципін қарастырайық. Әрине техникалық қамтамасыз ету қашықтықтан оқыту жүйесіне үлкен әсері бар. Алайда қолданылатын техника мен бағдарламалық өнімдердің тиімділігі қашықтықтан оқыту жүйесін жобалау барысында осы қашықтықтан оқыту үрдісін модельдеуден, қашықтықтан оқытудың теориялық тұжырымдамаларын жасауға байланысты болады.

Егер қашықтықтан білім беру жүйесі психологиялық, дидактикалық және оқыту теориясы мен әдістемесіндегі алдыңғы қатарлы ғылыми жетістіктерін өз уақытында және дәл қабылдамаса, онда әрине бағдарламалық өніммен мен техникалық қамтамасыз етудің жасалуына қандай шығын шықса да мамандарды сапалы дайындауда ұтыламыз. Мысалы, оқытуды даралау және саралау принциптері барлық уақытта білім алушының тезірек қарқынды оқуын немесе күрделі оқу бағдарламасына

көшуге мүмкіндік беруді қарастырады. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту тәсілі жеке тұлғаның ерекшелігін мен тану мүмкіндігін есепке ала отырып саралауды қарастырады.

Қашықтықтан оқытудың қозғалмалылық және икемділік принципі студенттердің негізінен үнемі дәрістерге, семинарларға қатыспауын, ал өзіне ыңғайлы уақытта және ыңғайлы жерде жұмыс істеу мүмкіншіліктерін анықтайды. Бұл принциптің жүзеге асырылуы оқытушы үшін де сонымен бірге студент үшін де маңызды роль атқарады, яғни оқытушы кез-келген студенттер тобымен және, кез-келген жағдайда оқытуды жүзеге асыруды қарастырса, студент кез-келген мүмкін жерде және кез-келген уақыт өзіне ыңғайлы уақытта оқуды қарастырады. Бұл принцип өзінің өмір сүру әдетін өзгерткісі келмейтін немесе өзгерту мүмкіншілігі жоқ студенттер, сонымен қатар мәңгістен қол үзбей оқитын студенттер үшін маңызды болып табылады.

Икемділік принципі студенттік топтарды жинақтауда, әр түрлі студенттердің оқыту нәтижесінің деңгейіне талап қоюда, сонымен қатар оқу материалдарын құрылымдау мен ұйымдастыруда ескерілуі керек. Себебі қашықтықтан оқыту үрдісі оқу орыны үшін ғана қолайлы емес, студенттер үшін де оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда қолайлы болуы қажет. Бұл тек қашықтықтан оқыту орталықтарындағы дәстүрлі оқу құралдарымен бірге жеткілікті мөлшерде және қажетті деңгейде дайындалған, компьютерлік және коммуникациялық технологияларға негізделген оқу материалдарының болуымен қамтамасыз етіледі.

Қашықтықтан оқытудың жылжымалылық (мобильдік) принципі акпараттық желілерді, базаларды және берілгендер мен білімдердің банкіні жасауға және студентке қажетті бағытта оқу бағдарламасын толықтыруға және түзетуге мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытудың жылжымалылық принципі оқу бағытын қажетті уақытта өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында оқитын мамандығы үшін іргелі білімнен тұратын инварианттық оқу акпаратын сақтап, қамтамасыз ету талабын қояды. Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуда мобильдік құрылғыларды қолданылуын ескеру және олардың тар ауданда (мысалы, ұялы телефонның, i-pod немесе қалталық компьютердің кішкентай өлшемді дисплейінде) акпаратты жеткілікті түрде жүйелі және толық беруді ескеру қажет.

Қашықтықтан оқытуда жаңа акпараттық технологияларды педагогикалық орынды қолдану принципі қашықтықтан оқыту үрдісіне жаңа акпараттық технологияларды ендіру оқу үрдісін оңтайландыру мақсатына сәйкес болып, қашықтықтан оқытуды жобалаудың әр қадамының тиімділігі педагогикалық

тұрғыда бағалануды талап етеді. Жаңа техника мен бағдарламаларды және техникалық шешімдерді оқу мақсатын қамтамасыз еткен жағдайда ғана оқу үрдісіне ендіріліп, қолдану керек. Тәжірибеде техникалық қамтаманың жеке жағдайларда кедергі болатыны байқалған. Атап айтқанда, математикалық пәндерді интерактивті тақтаның көмегімен бергенде кейбір тақырыптар бойынша абстракциялық мәліметтің басым болуы себепті тақтаның бар интерактивтілік қасиетін қолдану орынсыз болды, формулаларды қорытып шығару үрдісін бейнелеу тек оқытушының қатысуымен ғана жете түсінікті болды.

Білім берудің алғашқы деңгейін ескеру принципін қарастырайық. Қашықтықтан білім беру жүйесінде тиімді оқыту әрбір жаңа қабылданған студент ие бола бермейтін негізгі пәндік білімнің анықталған жиынын, икемділікті және дағдыны талап етеді. Жоғары оқу орнына деңгейі әр түрлі дайындығы бар оқушылар үшін қашықтықтан оқытуда кіріспе модульдердің болуы қажет. Бұл өз ретімен бейімдік оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады және деңгейлік саралаудың негізі болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының оқытушының қолданып отырған педагогикалық технологиясына сәйкестік принципі қарастырайық. Оқыту технологиялары қашықтықтан білім беру модельдеріне дәл келуі керек. Оқытуды ұйымдастыру түрі ретінде интерактивті мультимедиялық дәрістер, виртуалдық семинар мен практикалық сабақтар, зертхана, өзіндік жұмыстар, өндірістік практика, курстық және дипломдық жұмыстар жобалар, білімді меңгеруді бақылау қолданылады. Қашықтықтан білім беру жүйесін ұйымдастыру үрдісінде пәндерді дәстүрлі оқыту түрлерінде кездеспейтін модельдер қолданылуы мүмкін, ол өз ретімен қашықтықтан оқытудың жаңа моделін туғызуы мүмкін. Бұл жағдайда қашықтықтан оқытудың жаңа моделіне сәйкес педагогикалық принциптер жаңа жағдай үшін қарастырылып, бар педагогикалық технология іріктеліп немесе жаңа педагогикалық технология алынуы мүмкін.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде акпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету принципі қарастырайық. Жіберілетін дискілердің өзгеріске ұшырауы немесе кемістігі, желідегі вирустар мен оққылықтар студентке жіберетін акпаратты және оның жұмысының нәтижесін жойып жіберуі мүмкін. Сол себепті қашықтықтан оқыту жүйесінде акпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету принципі қашықтықтан оқыту барысында керекті мәліметтерді пайдалануды және жіберуді, акпаратты құпия сақтауды және акпарат қауіпсіздігінің техникалық және ұйымдастырушылық әдістерін алдын-ала қарастыруды талап етеді.

Қашықтықтан оқытудың бағдарламаларының негізіне модульдік принцип алынған. Модуль – оқыту мазмұны мен оларды меңгеру технологиясын біріктіреді. Модульдерді қалыптастырудың негізі болып пәннің жұмыс бағдарламасы қызмет атқарады. Әрбір жеке модуль анықталған пәндік аймақ туралы тұтас көрініс береді. Бұл тәуелсіз курстардың-модульдердің жиынтығынан оқу бағдарламасын жасақтауға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларын жасақтауда курстар – модульдер таңдалады, олар жиынтығында білім алушылардың білім алуға талаптарын, сонымен және оқу үрдісіне және мазмұнына жалпы талаптарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Интерактивтілік принципін қарастырайық. Кең мағынасында интерактивтілік кез-келген субъектілердің бір-бірімен өзара әрекетін және олар қолы жететін құралдар мен әдістерді қолдануды ұйғарады. Мұнда сұхбаттасуда екі жақтыңда сұрақтар мен жауаптар алмасу, сұхбаттасу барысын басқару, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау және т.б. сияқты белсенді қатысуын ұйғарады. Адамдардың бір-бірімен қатынас жасауы үшін арналған телекоммуникациялық құрал интерактивті ортаның тәжірибесіне тәуелсіз болып табылады. Қашықтықтан оқытуда бірінші кезекте оқытушылар мен студенттер бір-бірімен өзара әрекет жасайды, мұндай әрекет жасаулар электрондық поштаның, телеконференциялардың, шынайы уақыт тәртібінде сұхбаттасудың және т.б. әр түрлі телекоммуникациялық құралдарды пайдалану есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту құралдары (электрондық оқулықтар, желі бойынша ақпаратты іздеу жүйелері және т.б.) ретінде қолданылатын желілік ақпаратты ресурстар интерактивтіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Интерактивтілік оқыту үрдісінің негізгі сипаттамаларының бірі - өзара әсер етуді көрсетеді. Ол коммуникациялық технологиялардың өзін бағалау және оқытушы бағдарламалардың тиімділігі мен сапасының критерийі ретінде қарастырылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар

(гипертехнологиялар, жасанды интеллектін мультимедиясы, телематикалық жүйе және т.б.) негізінде оқытудың жаңа әдістерін дамыту жаңа түрдегі интерактивтіліктің жүзеге асырылуын көрсетеді.

Қашықтықтан оқытудың қол жетерлік принципіне тоқталайық. Қашықтықтан оқыту өздеріне ыңғайлы орында және ыңғайлы уақытта білім алғысы келетін барлық студенттерді қарастырады. Қаржы жағынан үнемдеу көліктерге шығынның болмауы, оқу орны бойынша арендалық төлемнің болмауы, коммуналдық қызметке төлемнің болмауы есебінен болады. Студенттерді контингентін көбейту аудиториялық фондтарды кеңейтуді және оқытушылар санын үлкейтуді талап етпейді.

Студенттердің меңгерілетін білімдерінің үлкен көлеміне байланысты алдынала енгізілген оларды мүмкіндігіне қарай «тығыздау» қажет. Бұлар жалпыланған білімдердің – теориялар, заңдар, есептердің кең класын шығарудағы жалпы әдістердің негізінде, сондай-ақ әртүрлі формада қажет ақпаратты сақтауды арнайы ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Мұндай білімдер студенттерге жеке-жеке дербес заңдылықтар жиынын, шешулер әдістерін есте сақтаудың қажет еместігіне, өздеріне білімдер қоры және логикалық қорытулар негізінде жалпы ережелерден оларды «шығаруға» мүмкіндік береді. Бұған қашықтықтан оқыту барысында ақпараттық ресурсты жасау мүмкіндік жасайды. Сол себепті оқу мазмұнын тиімді беру, оның қол жетерлік болуы жоғары құрылымдалған материалмен, көрнекі түрде мультимедиа, компьютерлік бейнелеу мүмкіндіктерін пайдалану мен негізделеді.

Оқу ақпаратының көлеміне байланысты, білімді қабылдап, ұғынудың дидактикалық және психологиялық шарттарын қанағаттандыру және тағы басқа қашықтықтан оқытудың мәселелерін шешуде қашықтықтан оқытудың арнайы принциптері мен педагогиканың жалпы принциптерін негізге алғанда ғана толыққанды жүзеге асады. Сонымен бірге бүкіл қашықтықтан оқыту жүйесін модельдеу негізіне де қарастырылған дидактикалық принциптер алыну қажет.

Пайдаланылған әдебиет

1 Коменский Я.А. Великая дидактика. В кн.: Хрестоматия по истории зарубежной педагогики. /Сост.А.И. Пискунов. 2-е изд. перераб. – М., 1981. – 231 б.

Резюме

В статье рассматриваются дидактические принципы дистанционного обучения. Наряду с традиционными принципами дидактики, рассматриваются специфические принципы дистанционного обучения.

Summary

In this article the didactic principles of distance training are considered. Along with traditional principles of didactics, specific principles of distance training are considered.